




18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Ресейдегі алғашқы микротарих
тәжірибелері





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Ресейдегі алғашқы микротарих тәжірибелері
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» аясында біздің қарастыратын мәселеміздің бірі Ресей ғылыми орталықтарындағы микротарихты зерттеу. М.Кром оқу құралына сүйене отырып біз осы дәрісте бұл бағыттың қалыптасуын қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Микротарихтың негізгі ережелері

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Микротарихтың түрлі нұсқаларын жіктегенде Б.Грегори, Э.Гренди (әлеуметті қатынастарды зерттеу versus “мәдени пішіндерді” қарастыру) сияқты, негізгі айырмашылықты тарихшылардың ғылыми мүдделері салаларының емес, олардың микроталдауды қолдану тәсілдері арасынан көреді: ол жекелеген эпизодтарды мұқият талдауға белгілі бір аумақта тұрып жатқан адамдардың кішігірім қауымдастықтарын жүйелі түрде зерттеуді қарама-қарсы қояды. Осы маңызды бақылауға біз көп ұзамай қайтып ораламыз, ал әзірге өзінше бір тарихнамалық күлкілі жайтқа тоқталайық: “эпизодтық микротарих практиктерінің” ішінен Б.Грегори тек бір адамды - К.Гинзбургті атады, басқа жіктелімде (Э.Гренди) бұл ғалым италиян микротарихшылары “мәдени” қанатының жалғыз өкілі санатында аталған. Бұл, әрине, кездейсоқтық емес: К.Гинзбургтің зерттеушілік қолтаңбасы тым өзгеше және басқа ешкімге ұқсамайды, оған басқа анықтама сәйкес келмейді және оны қандай да бір мектеппен немесе бағытпен теңестіру мүмкін емес¹².

Микротарихтың үлесін атап өте отырып (әсіресе оның “жүйелі”, әлеуметтік нұсқасында), Б.Грегори тарихи зерттеулердің осы бағытына тән шектеулеріне де тоқталды. Америкалық ғалымның пікірінше, қолданылатын тәсілдер, тарихшылардың қолында бар дереккөздер, сондай-ақ бақылаудың әлеуметтік ауқымы осы шектеуді туғызып отыр. Бір сұрақтарға (айталық, Дж.Леви зерттегендей, отбасылар арасындағы және XVII ғасырдың соңындағы Сантена деревнясындағы жерді мұраға қалдырудың өзара байланысы туралы) микроталдау дәлелді жауап бере алады, ал басқаларына (мысалы, XVI ғасырдағы діни соғыстар кезеңі дәуіріндегі профессионалдық таңдау себептері жөніндегі) жауап бере алмайды.

Сақталып қалған дереккөздер ерекшеліктері - микротарихшылар санасуға мәжбүр нақты шектеулердің бірі: нотариалдық актілер, шіркеу кітаптары және өсиетхаттар әлеуметтік желілерді қайта қалпына келтіруге, осылайша, отбасылық және жеке стратегияларды айқындауға сенімді негіз бола алады, бірақ олар әлем бейнесін, белгілі бір адамның өмірлік таңдауы мен тәжірибесін таныта алмайды. Бұл арада күнделіктер мен соған ұқсас басқа да эго-құжаттарсыз болмайды: тарихшының қолына, мысалы, XVII ғасырдағы қолөнершінің күнделігі түсе қалатындай өте сирек жағдайларда, бұл адамдар өмірінің қаншалықты күрделі және сан қырлы болғаны көрінеді, ол дереккөздерсіз мұны тіпті елестетудің өзі қиын болар еді. Сол себепті де, Б.Грегори демографиялық, қаржылық және отбасылық құжаттар негізінде “тәжірибені” қайта қалпына келтіруге өте абай болу керектігін ескертеді.

2. Микротарихтағы репрезентативтілік мәселесі

Репрезентативтілік мәселесін Грегори микротарихтың ең әлсіз, Ахилесс өкшесі дерліктей тұсы санайды. Мысалы, Дж.Левидің өзі зерттеген Сантена елдімекенін не себепті ежелгі Турин аймағының қарапайым, “қатардағы” деревнясы деп болжайтыны түсініксіз, ол үшін оны басқа деревнялармен салыстыру керектігі түсінікті, бірақ кітапта мұндай салыстыру жоқ және бұл зерттеуші тұжырымын шектейді.

Б.Грегоридің қандай қорытынды жасағаны онсыз да белгілі: микроталдау жеке өзі ойға қоымдаы бола алмайды және қате; нақтылық немесе түсіндіруші күш тұрғысынан алғанда, талдап тексерудің керемет болуы міндетті емес. Басты мәселе - әртүрлі көлемдегі зерттеулерді үйлесімді қабыстыруда.

Микротарихи жобаның шектеулі екенін ресейлік зерттеуші Н.Е.Копосов та америкалық сыншымен бір мезетте және одан дербес түрде көрсетіп берді. “О невозможности микроистории” деген атауы таңқаларлықтай мақаласында ол, “қандай да бір балама тарихи түсініктерді ойлап шығара алмағандықтан, микротарих өзінің қорытындыларында макротарихи түсініктерді қолданады, сол себепті, макротарихқа тәуелді және соның зерттеу техникаларының бірі” деп мәлімдеді. Бұған қарсылық білдіруге болар еді (дәйексөз келтіріліп отырған мақала авторының өзі де мұны жақсы біледі), микротарихшылардың өздері де “үлкен” тарихтан толықтай әдістемелік тәуелсіздікке тырысқан да емес. Мұның сыртында, Дж.Леви



атап өткендей, микроауқым талқыланып отырған бағыттың тіпті де маңызды сипаты емес: бастысы, зерттеу ауанын өзгерту; бір айта кетерлігі, бұл әсерге, негізінде, ауқымды кішірейтумен қатар, үлкейту арқылы да қол жеткізуге болады.

Алайда, Н.Е.Копосов мақаласының негізгі ойы - микротарихты логикалық түрде “терістеу” емес, әлеуметтік ғылымдардың жаңа парадигмасын жасауға деген үміттің негізсіз екенін көрсету; соңғы уақытта бұл үміт микротарихпен негізсіз байланыстырылды. Н.Е.Копосовтың айтуынша, іс жүзінде “микротарихтың шеруі тіпті де салтанатты емес”; бұл бағыт “еңсеру логикасынан гөрі, әлеуметтік ғылымдардың дағдарысы мен құлдылауы логикасымен үйлеседі. Бұл сөздерден қанағаттанбаушылық аңғарылады. Тіпті микротарих болашағын анағұрлым оптимисті түрде бағалаған Э.Гренди де белгілі бір мағында микроталдау тарихтың бөлшектенуі мен “жарықшақ тарихтың” пайда болуына себепкер болған “Еуропа тарихнамасы дамуының едәуір кең үдерісіне” тән екенін мойындады.

Жаңа ғасыр табалдырығында тек Н.Е.Копосовқа ғана микротарих әлеуеті таусылған болып көрінбеген сияқты. 2002 жылы Хельсинки университетінде “Микротарихтан соң?” деген тақырыпта семинар өтті. Бұл конференцияға белгілі италян микротарихшылары (С.Черутти, Рената Аго, Дж.Леви, М.Грибауди) мен олардың финляндиялық әріптестері қатысты. 2004 жылы жарияланған семинар материалдары микротарихтың ақыры туралы сыбыстың қатты әсіреленгені туралы ұйғарым жасауға мүмкіндік береді. С.Черуттидің бұл бағытты осы кезеңде дамыту бағдарламасы іспетті “Микроистория: социальные отношения против культурных моделей?” атты мақаласы ерекше мән беруге тұрады.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, Лекции по философии истории. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.